

қазақтың ұл-қыздарын жолдап отыру келісіміне қол жеткізді. Бұл сол кезеңдегі «Болашақ» бағдарламасы іспетті еді. Сонымен қоса, 1944 жылы Жұмабай Шаяхметовтың бастамасымен Алматы консерваториясы, Шетел тілдері институты, Шымкент химия-технологиялық институты, ал, 1945 жылы Денешынықтыру мәдениеті институты ашылды.

Ж. Шаяхметовтың тарих алдындағы негізгі қызметі Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарындағы дамуындағы қосқан үлкен үлесіне байланысты. Әсіресе, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің негізін қалауда Ж.Шаяхметовтың қосқан үлесінің зор екендігін ескере отырып, университетімізге Жұмабай Шаяхметов есімін беру ұсынылған болатын. Менің ойымша, бұл бастама өте орынды шешім деп ойлаймын. Себебі, «Шығыс қыраны – Жұмабай Шаяхметов» есімі ұмыт болмау керек және еңбегі бағалануы тиіс.

Шаяхметов мұраларын зерттеу бүгінгі күнде өзекті мәселесі болып отыр. Бұл кезеңдегі көрнекті тұлғалар коммунистік идеологияға, кеңестік жүйеге жұмыс жасады. Соған қарап, біз оларды тарих беттерінен сызып тастамауымыз керек. Егер де Ж. Шаяхметов сияқты ұлтжанды, әрі Орталық басшыларының алдында беделді тұлғалар болмағанда қазіргі тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болар ма еді? Әрине, кеңестік машинаға, коммунистік режимге қызмет еткендіктен ол тұлғалардың ұлт саясатында, ел экономикасында жіберген қателіктері де болып отырды. Бірақ, біз олардың Кеңес Одағы деп аталатын алмағайып заманда, жандарын шүберекке түйіп, бастарын қатерге тігіп, ұлтына қатар қызмет еткендігін ұмытпай, жасаған еңбектерін үлгі тұтуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.Ж. Міндет – жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу // <https://egemen.kz/>
2. Кабульдинов З.Е. Касымова Д. Аминов Т.А. и др. Неизвестные страницы из жизни и деятельности видного государственного деятеля Жумабая Шаяхметова (1902-1966 гг.) – Алматы, 2022. -450 бет.
3. Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция: (проблемы становления и развития). Алма-Ата, 1982. С. 83–85.
4. Знание или просто понимание русского языка было вопросом не только эффективной армейской коммуникации, но в условиях боевых действий приобретают жизненно важное значение // К.С. Алдажуманов, С.К. Шилдебай
5. Аманжолов С. Некоторые особенности политико-воспитательной работы среди бойцов нерусской национальност // Опыт политико-воспитательной работы в действующей армии. Усть-Каменогорск. ТОО «Печатное издательство «Рекламный Дайджест». 2010. – 120 с.
6. Исмагулова С. Уроки Турсун Мурзабековой. На протяжении 14 лет во главе Женского педагогического института (ЖенПИ) стояла первая женщина-ректор Турсун Мурзабекова. К 100-летию юбилею // Казахстанская правда. 2015. 29 мая. № 99. С. 12.
7. Асанова С.А. Из истории Казахстана военного времени (1941-1945) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4(24) октябрь-декабрь, 2020.
8. Ахметова Л.С., Григорьев В.К. Первые лица Казахстана в сталинскую эпоху. Алматы 2010. С. 199.

## **КӨНЕ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ КӨМБЕСІ – ҚАСИЕТТІ ТАРАЗДЫҢ КИЕЛІ МҰРАЛАРЫ**

Колдасова Г. О

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Тулегеновна А.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

[gulniza.koldasova02@mail.ru](mailto:gulniza.koldasova02@mail.ru)

Қарағанды қ.

Бүгінгі таңда Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу, тарихи-мәдени мұраларды қорғау және сақтау мемлекеттік саясатымыздың басты бағыттарының бірі бола отырып, ұлттық кодымызды жаңғыртудың бастамасы екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл жердегі ұлттық код

дегеніміз – халықты біріктіретін ұлттық идея. Осы ретте, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақала осы ұлттық идеямызды жаңғыртуға септігін тигізді деуге болады. Онда: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған, біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтірумен ғана шектелмеу керек. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында бір тұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» – делінген [1,2 б.].

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез-келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Қазіргі кезде елімізде Қазақстанның киелі жерлері бойынша өлкетанулық, археологиялық, этнографиялық, тарихи-мәдени зерттеулер бөлек-бөлек жасалынауда, осы зерттеулерге сәйкес Қазақстанның қасиетті, киелі жерлерінің тізімі бір жүйеге келтіріп, жіктелінуде.

Республикамыздың байтақ даласында ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі уақыттың куәгері секілді 30 мыңға жуық тарихи, мәдени, діни ескерткіштердің бар екендігі анықталып отыр. Алайда бұл тарихи мұралардың барлығы бірдей мемлекеттік тұрғыда қорғауына алынбаған, өкінішке орай халық кейбір киелі жерлерді біле бермейді. Себебі мұндай тарихи байлықтың барлығы толықтай зерттелмеген, әрі әлемге танытуға ізденістеріміз шексіз. Халқымыздың осынау ғажайып мұрасын есепке алу, оларды қорғау және ғылыми білгірлікпен қалпына келтіру аса мәнді мәселелердің бірі. Оған қоса сол тарихи ескерткіштерінің ғылыми мәнін саралау, халқымыздың сан ғасырлық мәдени болмысына айғақ ету бүгінгі кемел уақытымыздың рухани қажеті.

Кең байтақ қазақ жерінің төсінде небір әсем тұлғалы құрылыс - сәулет өнерінің ғажайып үлгілері уақыт сынына сыр бермей, ғасырлар аттап бүгінгі күнге жеткені асылдың өзгеден артық бағасын танытқандай. Мысалы, орта ғасыр сәулет өнерінің озық үлгілері – Қожа Ахмед Ясауи кешені, Арыстан Баб мазары, Айша бибі кесенесі, Қарахан мазары, Жошы хан мен Домбауыл кесенесі және басқа да көптеген кесене-мазарлар уақыт сынынан өтіп, сыры кетсе де сынын жоймай бүгінгі таңға дейін жетті. Бұл ескерткіштер сыры халқымыздың тарихымен тығыз байланысты. Арғы тегі Сақ, Үйсін, Түрік деп аталатын еліміздің мыңдаған жылдар бойғы ізденіс-тәжірибесін, талғам-танымын, сәулеткерлік өнерін тал бойына жинақтаған мұндай ескерткіш жәдігерлер арнайы ден қойып, жан-жақты зерттеуді, қастерлеп ұрпақ игілігіне мәңгілік пайдалануды қажет етеді. Осы тұрғыда, сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи заттарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі [1,3 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстанның жаңаруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үдерістер басым маңызға ие болып отырғандығы белгілі.

Саяси және экономикалық жаңғырудың жетістігі, бірінші кезекте, рухани қатынастар басымдық алатын қоғамдық сананың деңгейіне байланысты болмақ. Сондықтан, қазіргі кезеңде рухани, тарихи-мәдени құндылықтарымызды жаңғырту ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр [2,1 б.].

Бүкіл адамзатқа, оның ортақ өркениетіне тән жәдігерлердің қазақ топырағында орын тепкен бірегейлерінің бірі – іргетасы шамамен осыдан 2100 жыл бұрын қаланған, қай-қай дәуірде де өзінің аса ірі мәдени-рухани және саяси орталықтардың бірі санатындағы биігінен төмендеп көрмеген шаһарлардың бірі – Тараз қаласы екені даусыз.

Тараз – тарихымыздың алтын дінгегі. Осынау тарихы тасқа, шежіресі құмға сіңген киелі өлкеде ежелгі дәуірлерден, орта ғасырлардан жеткен ұзын-саны 1000-нан асып жығылатын тарихи-мәдени мұралар бар. Бұл қасиетті мұралар тек бір елдің, бір ұлттың мүддесі үшін емес, бүкіл Жер шарын мекен ететін адамзат үшін қызмет етіп келеді.

Солардың бірі Тараз қаласында орналасқан Бабаджа қатын кесенесі - X-XI ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Тараз қаласынан 18 шақырым жерде Жамбыл ауданындағы Айша бибі мазары жанында орналасқан. Ескерткішті 1897 жылы В.Каллаур, 1938 жылы А.Бернштам, 1953 жылы Т.Бәсенов зерттеген. Текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8x6,8 метр, биіктігі 5 метр, қабырғаларына қаланған кірпіштің көлемі 24x24x5 см. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған. Жоғары жағы аркалы, ішке кірер есік шығыс жақ қабырғасында сегізқырлы барабанға ауысатын тромпбелдеу жасалған. Оның үстінен ішкі еңсенің 16 қырлы күмбез басталады. Ал сыртқы күмбезі биіктігі 86 см қырлы призманың үстіне орнатылған. Мұндай қобылы күмбездер Қазақстандағы Көккесене, Жұбан Ана сияқты көне ескерткіштерде кездеседі. Бір-біріне қаптай салған қос күмбез ескерткіштің ұзақ сақталуына себепші болған. Күмбез тұғыры аршамен құрсауланып, тақталардан суағарлар жасалуы сол кездегі құрылыс өнерінің өте жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді. Ғимаратта шағын көлемдегі сәулеттік нақыштар ұтымды әрі үйлесімді пайдаланылған. Бабажы қатын кесенесі сыртқы пішімінің жинақылығымен, құрылысының беріктігімен ерекшеленеді. Бабажы қатын кесенесі өзінің қос қисығы бар он алты қабырғалы шатыр төбелі ерекшелігімен әйгілі. Шатырлы, қабырғалы жабуы орта ғасырлық сәулет өнері мен қазіргі заманғы кесенелердің еш бірінде жоқ. Ондағы эпиграфиялық айшық мұнда жерленген әйелдің аты-жөні бізге жеткізіп отыр. Аңыз бойынша ол әйел Айшаның қамқоршысы болған, сапарларында еріп жүрген. кезінде қасында болған. Айша қайтыс болған соң оның мазарының шырақшысы болған.

Тараз қаласынан батысқа қарай 20 шақырым жердегі Айша бибі ауылында орналасқан. Орта ғасырларда қазақ жерінде сәулетті құрылыстар салу ісі белең алды. Біртіндеп құрылыс салудың үлгілері дамып, сәулет ескерткіштері көбейіп, үнемі жаңарып отырды. Соның бірі – Бабаджа хатун кесенесі. Айша бибі кесенесімен бірге мемориалды-культуртік кешеннің құрамына кіреді. Кесене республикалық дәрежедегі мемлекеттік тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген. Сәулеттік-құрылымдық сараптамалардың нәтижесіне қарағанда құрылыс қарахандар дәуірінің ерте кезеңіне жатады және X-XI ғғ. мерзімделеді. Қазақстандағы сәулет өнерінің ең көне ескерткіштерінің бірі болып саналатын бұл кесене ұзақ жылдар бойы сақталып келген құрылыс сапасымен ерекшеленеді. Ол – Орта Азия аймағының сәулет өнеріндегі порталды үлгіде салынған алғашқы кесенелердің бірі. Шатырлы, қабырғалы жабуы ортағасырлық сәулет өнері мен қазіргі заманғы кесенелердің еш бірінде жоқ. Ғалым Э.М. Бәйтеновтің пікірінше, Бабаджа хатун кесенесі Ұлы далада кездесетін шатырлы күмбезді нысандардың ең алғашқысы болуы ықтимал. Тіпті, сәулет өнерінің тарихындағы он алты қанатты күмбезі бар ең бірінші кесене болуы да ғажап емес. Кесененің қасбетінде: «Бұл Бабаджа хатун қабірі... Оны салушы...» деген жазулар сақталған. Кесенені соққан шебердің аты-жөні сақталмаған. Кесененің тарихы Айша бибі кесенесінің салынуы туралы аңызбен тікелей байланысты. Аңыз бойынша Тараз әміршісі Қарахан әрі сұлу, әрі ақылды Айшамен бас қоспақшы болады. Тараз қаласына келе жатқан жолдағы Аса өзенінің жағалауында Айша аруды жылан шағып қаза табады. Қайғырған Қарахан арудың басына ерекше сәулетті кесене тұрғызды. Айша бибінің күтушісі Бабаджа хатун сол кесененің басында өмір бойы шырақшы болып қалады. Қайтыс болғаннан кейін Айша бибіден 20 қадам жерге жерленіп, басына кесене тұрғызылады. Осы күнге дейін қасиетті орын ретінде халық санасында сақталып, осы өңірге жолы түскен жолаушының соқпай өтпейтін, жергілікті халықтың жиі келіп тәу ететін киелі мекеніне айналған. Мұндағы екі кесене де тек зиярат ету орны емес, сонымен бірге мұсылман әлемінің қасиетті орындары болып табылады [3, 96 б.].

Бүгін де көне тарихымыздың көмбесі – қасиетті Тараздың киелі мұралары «Қазақстанның киелі жерлері» айдарымен назарға ұсынылып отыр. **Таза сезім символы**, Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің үздік нұсқасы. Тараз қаласынан 17 шақырым жерде Жамбыл ауданының Айша бибі ауылында орналасқан. Бұл өңірге аяқ басқан әрбір адам мұсылман әлемі құрмет тұтатын, «әулие орын» деп аталған ортағасырлық сәулет өнерінің інжу-маржаны Айша бибі кесенесіне ат басын бұрмай өтпейді. Ғасырлар тереңінен біздің заманымызға дейін кесененің батыс жақ қабырғасы мен оған жапсарлас қабырғаларының қалдықтары ғана жеткен [4]. Ал ақиқатында Айша бибі кім болған? Тарихшылардың айтуы бойынша, ол шамамен XI-XII ғасырларда өмір сүрген. Бір деректерде Айша ару Зеңгі бабаның қызы делінсе, енді бірде Сүлеймен Бақырғанидың қызы болғаны айтылады. Сондай-ақ оның әкесінің есімі Айғожа деген де деректер кездеседі. Бұл ретте Шерхан Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану» орталығы тарихтану бөлімінің меңгерушісі Асылжан Дулати өзі зерттеп жүрген деректерімен бөлісті. «Аңыздарда Айша бибіні орта ғасырда өмір сүрген дін ғұламасы Сүлеймен Бақырғанидың қызы дейді. Ол рас. Айша бибінің нағашы атасы Қарабура әулие саналады. Ал Қарабура дегеніміз Қарахан империясын билеген патшалардың бірі болған Қара Боғра хан екендігін ескеруіміз керек. Біздің тарихнамамызда ең алғаш ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялап, түркілер арасында кеңінен насихаттаған да осы қарахандықтар», - дейді ол. Асылжан Дулати Айша бибінің түп-тегі патша әулетінен шыққан деген ойды айтады. Өйткені, әкесі Хакім атаның түбі түркілік ақсүйек тұқымынан болғандығын алға тартады. «Әкесі Сүлеймен Бақырғани қайтыс болған соң, анасы әкесінің шәкірті болған Зеңгі атаға күйеуге шыққан, яғни Зеңгі ата өгей әкесі. Мұны Шоқан Уәлиханов та өзінің «Қашқар күнделігі» деген еңбегінде жазады. Онда «Әнбар ана Зеңгі атаның жұбайы, Зеңгі атаның ұстазы болған Хакім атаның жесірі. Эрхуббу бірінші күйеуінен туған ұлы, Әли-Асқар екінші күйеуінен» деген деректі алға тартады. Олай болса Айша бибінің бауыры бар болғаны ғой, ол – Эрхуббу. Бірақ бұл туралы деректер біздің қолымызда жоқ. Себебі, осы Айша бибі мен оның ата-анасына қатысты деректердің көбі Ташкент қаласындағы мемлекеттік архивте жатқанын айтуымыз керек. Және оның анасы Әнбар да, өгей әкесі Зеңгі ата да, әжесі Ұлықпатшаның мазарлары да Ташкент маңында», - дейді Асылжан Дулати.

Тарихта Айша бибінің басына кесене тұрғызған Қарахан екені айтылады. Бұл кесенеге қазақтың қолөнеріндегі әсем ою-өрнектер, түрлі әшекейлер салынған. Кесене қабырғалары күйдірілген сары балшықтан құйылған кірпішпен өрілген. Орта ғасырлардағы сәулет өнерінің мұндай теңдессіз үлгісі талайдың таңдайын қақтыратыны сөзсіз. Тарихи ескерткіште арабтың куфа әріптерімен бедерленген «Күз... бұлттар...жер ғажайып» деген сөз бар. Осы сөздің тылсымы да талайды терең ойға тартады. Бірақ, не себепті бұлай жазылғаны туралы деректерді де табу қиын.

Кесене құрылысына антисейсмикалық мақсатта арша ағашы пайдаланылған. Жерленген адам туралы тек аңыздар ғана сақталған. Аңыздардың бірінде Тараз билеушісі Қараханға сапары кезінде жылан шағып, қайтыс болған Зеңгі баба мен Ануар бегімнің ару қызы Айша бибі туралы айтылады. Аңыз бойынша Қарахан өзінің сүйіктісіне арнап керемет кесене салдырған. Қазіргі күні жастар Айша бибі кесенесіне мәңгілік махаббаттың, таза сезімнің, пәктіктің символына айналған киелі орын ретінде мінәжат етуге келеді [2, 4 б.].

Кесене жобасы – шаршы формалы бұрыштарында колонналары бар құрылыс. Кесене қабырғаларының сыртқы жағы қолдан ойылған ою-өрнектері бар 62 түрлі терракот қыш тақталармен көмкерілген. Әрқилы үйлесім мен нұсқалардан тұратын, түрлі өсімдік гүлдері мен геометриялық түрлер сарынындағы өрнектерге бай. Бұл – орталық Азия мен Қазақстандағы өн бойы ою-өрнектермен көмкерілген жалғыз ескерткіш. Сондықтан да Айша бибі кесенесі қазақ халқының ежелгі ою-өрнегін сақтаған музейі іспетті. Қабырғаларының ортасында жебе бейнелі иіндермен көмкерілген терең қуыстар бар. Колонналардың жоғарғы жағы ваза түрінде жасалған. Бұл кесене – Орталық Азиядағы теракотамен оюланған жалғыз сәулет ескерткіші. Оның қабырғаларында, ою-өрнектің 60-тан астам түрі кездеседі. Кіретін жері шығыс бағытта орналасқан. Қабір тасы кесененің ортасында тұр. Ескерткіштің төрт

бұрышында үлкен бағандар орнатылған. Қалыңдығы 80 см кесененің қабырғалары үш бөліктен тұрады: ішкі жағы – күйдірілген кірпіштен, сырты жағы – өрнектері бар тастардан, ал, ортаңғы жағы – балшық пен тастан. Бүгінгі таңда, Айша бибі кесенесі тарихи ескерткіш ғана емес, сонымен қатар, танымал қажылық орнына айналды. Бұл жерге мемлекеттік қызметкерлер, туристер, емшілер және қарапайым адамдар бата сұрап келеді [5, 2 б.].

Жалпы рухани жаңғыру идеологиясы елімізде біраз жыл бұрын да орын алған мәселе болатын. Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды жұмыстар атқарылған. Мысалы, 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылды; 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттар жүйелі түрде жинақталып, зерттелінді. Осыларға сәйкес, қазіргі кезде «Қазақстанның сакралды географиясы», «Туған жер», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» т.с.с. ауқымды және іргелі мемлекеттік жобалар қолға алынып, көптеген жұмыстар атқарылып жатыр.

Қорыта айтқанда, қазіргі жаһандану заманында ұлттық санамызды жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлігімізді сақтап қала алатынымызға көз жетіп отыр. Осы тұста ұлттық идеяның маңызы зор. Осы ұлттық идеяның бағыт-бағдарларының бірі киелі жерлерді насихаттау болып есептеледі. Яғни болашақ ұрпақ жалпыұлттық киелі нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, біртұтас халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады. Жаһандану үрдісінде қазақ киелі жерлер арқылы өз рухын жаңғыртып, асқақтатып, ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұланғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі жастарды руханилыққа, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Бүгінгі қоғам да осы негізде дамып келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Камалова Ф. Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау.-Алматы, 2020.-130 б.
2. Әбдіқалықова Г. Рухани жаңғыру – Қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі // [https:// Abai.kz](https://Abai.kz), 2017.
3. Қ. Мұхаммеджан, М. Қозыбаев. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия: Алматы, 1999. – 467 б.
4. Рахман Г. Тараз жері-тұнған тарих//<https://astana-akshamy>, 2017.
5. Рахман Г. Тарихи-мәдени мұраны сақтау – ұлттың сәйкестендіру коды//<https://egemen.kz>, 2019.